

Шектеу іс-шараларын тоқтату және Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының Күршім ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 22 шілдедегі № 6 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Күршім ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 10 қаңтардағы № 1 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 25 қаңтарда № 26629 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес және Күршім ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 21 желтоқсанындағы № 1646 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Ірі қара малдардың бруцеллез ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілуіне байланысты Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Күршім ауылдық округінің, Күршім ауылының "Көмей" учаскесінде кадастрлық нөмері 05-072-022 шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының Күршім ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 22 шілдедегі № 6 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23689 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Күршім ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді оның ресми жарияланғаннан кейін Күршім ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Күршім ауылдық округінің әкімі

Е. Нурсоветов